Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Филология факультеті
А.Байтұрсынұлы атындағы Қазақ тіл білімі кафедрасының докторанты
**Ақжігітова Аққибат Орақбайқызының**
«8D02307 – Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «**Қазақ сөзжасамындағы заттану: семантикалық-коммуникативтік аспект**» тақырыбындағы диссертациясына отандық ғылыми жетекшінің

# ПІКІРІ

Ұсынылып отырған диссертациялық зерттеу – қазақ тіл біліміндегі сөзжасам жүйесінде ерекше орын алатын заттану құбылысының семантикалық және коммуникативтік қырларын кешенді түрде қарастыруға бағытталған еңбек. Зерттеу жұмысында сөздердің заттық мәнге ие болу үдерісі, оның тілдік жүйедегі қызметі мен қолданыс аясы, сондай-ақ сөйлеу актісіндегі мағыналық және функционалдық ерекшеліктері жан-жақты талданады. Тақырыптың ғылыми өзектілігі дау тудырмайды. Қазіргі тіл білімінде сөзжасам мен семантика, сондай-ақ тілдік бірліктердің коммуникативтік қызметі – өзара сабақтастықта қарастырылып, жаңа бағыттар тұрғысынан зерделеуді қажет ететін маңызды мәселелердің бірі.

Диссертант А.О. Ақжігітованың диссертация жұмысы үш тараудан тұрады. Жұмыстың алғашқы тарауында заттану үдерісінің теориялық мәселелері кеңінен қарастырылып, оның қазақ сөзжасамындағы орны мен маңызы айқындалған. Сонымен қатар бұл құбылыстың түркітанудағы және орыс тіл біліміндегі зерттелу тарихына жүйелі ғылыми шолу жасалып, әртүрлі бағыттағы көзқарастар мен тұжырымдар салыстырмалы түрде талданған. Зерттеуші заттанудың лексика-грамматикалық табиғатын, оның сөз таптары жүйесіндегі ерекшеліктерін, сондай-ақ атау жасаудағы қызметін нақты ғылыми деректер негізінде дәйектеген. Тарауда заттану құбылысының негізгі белгілері, қалыптасу жолдары, заттанған сөздердің заттану дәрежесі мен түрлері айқындалып, оның тілдік жүйедегі функционалдық сипаты теориялық тұрғыдан негізделген.

Диссертант жұмысының екінші тарауында сөз таптарының заттануының семантикалық-коммуникативтік сипаты жан-жақты қарастырылады. Бұл тарауда етістік тұлғаларының (есімше және қимыл есімі), сын есімдердің, сан есімдердің, үстеулердің, сондай-ақ еліктеу сөздер мен одағайлардың заттану үдерісі нақты тілдік деректер негізінде дәлелденіп, олардың әрқайсысының мағыналық өзгеріске түсу жолдары айқындалады. Сонымен қатар тарауда аталған сөз таптарының заттануы арқылы туындаған атау мәнді бірліктердің семантикалық модельдері жүйеленіп, олардың қалыптасу жолдары мен мағыналық аясы сараланады. Докторант заттанған бірліктердің номинациялық қызметін, яғни жаңа ұғымдарды атаудағы рөлін, сондай-ақ мәтін ішіндегі коммуникативтік қызметін нақты мысалдар арқылы талдайды. Бұған қоса заттану үдерісінің контекстке тәуелділігі, мағынаның

кеңеюі мен тарылуы, абстракциялану дәрежесі сияқты мәселелер де назардан тыс қалмай, кешенді түрде сипатталады. Нәтижесінде заттанған сөздердің тілдік жүйедегі орны мен қолданыс ерекшеліктері семантикалық және коммуникативтік аспектіде терең негізделген.

«Заттанған сөздердің коммуникативтік аспектісі» деп аталатын диссертацияның үшінші тарауында заттанған бірліктердің тілдік қатысымдағы қызметі кешенді түрде қарастырылады. Атап айтқанда, қазақ поэзиясындағы, соның ішінде Абай өлеңдеріндегі заттанған сөздердің қолданысы талданып, олардың көркем мәтіндегі экспрессивтік-стилистикалық қызметі, авторлық ойды жеткізудегі рөлі айқындалады. Зерттеуші заттанған бірліктердің поэтикалық мәтінде ұғымды жинақтап беру, астарлы мағына қалыптастыру, бейнелілік тудыру сияқты қызметтерін нақты мысалдар арқылы дәлелдейді.

Сонымен қатар қазақ паремиологиясындағы заттанған сөздер қарастырылып, олардың семантикалық даму жолдары мен тұрақты тіркестер құрамындағы коммуникативтік қызметі сараланады. Мақал-мәтелдердегі заттанған бірліктердің жалпылау, типтендіру, бағалау мәнін күшейтудегі рөлі ғылыми тұрғыдан негізделеді. Бұдан бөлек, зерттеуде жасанды интеллект арқылы құрастырылған ғылыми мәтіндердегі заттанған сөздердің жиілік көрсеткіштері анықталып, олардың қолданылу ерекшеліктері талданады. Қазіргі тіл білімінде ЖИ мәтіндерінің тілдік табиғатын, ондағы бірліктердің қолданылу ерекшеліктерін саралау – өзекті мәселелердің бірі. Осы тұрғыдан алғанда, диссертанттың ЖИ негізіндегі ғылыми мәтіндердегі заттанған сөздердің жиілік және қолданыс ерекшеліктерін талдауы зерттеудің теориялық және практикалық маңызын арттыра түседі. Диссертант жоғарыда аталған тарауда заттанған бірліктердің әртүрлі дискурс түрлеріндегі қызметін салыстыра отырып, олардың коммуникативтік әлеуетін, мәтін түзудегі және мағына ұйымдастырудағы орнын жан-жақты сипаттайды.

Диссертанттың қазақ сөзжасамындағы заттанудың семантикалық және коммуникативтік аспектісін қатар қарастырған диссертациясы тыңғылықты орындалған. Пайдаланылған әдебиеттер тізімінде тақырыпқа қатысты отандық, шетелдік ғалымдардың еңбектері кеңінен қамтылған.

Диссертанттың тақырып мазмұнына сәйкес жарияланған ғылыми мақалалары жеткілікті, мазмұны жағынан талапқа сай және зерттеу нәтижелерін толық қамтиды. Автордың ғылыми еңбектері отандық және шетелдік басылымдарда жарық көріп, зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары ғылыми қауымдастық тарапынан талқылаудан өткен. Сонымен қатар диссертант халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда баяндама жасап, өз зерттеуінің өзекті мәселелерін көпшілік алдында ұсынған.

Докторанттың диссертациялық жұмысынан оның ғылыми ізденіс мәдениеті, теориялық дайындығы және дербес зерттеу жүргізе алу қабілеті айқын байқалады. Зерттеушінің өзіндік ғылыми ұстанымы қалыптасқан, тұжырымдары нақты тілдік деректермен дәйектеліп, жүйелі түрде ұсынылған. Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыс автордың ғылыми

мәселеге терең бойлағанын, тақырыпты жан-жақты меңгергенін және ғылыми пайымдау деңгейінің жоғары екенін көрсетеді.

Қорыта айтқанда, **Ақжігітова Аққибат Орақбайқызының** «8D02307 – Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша **«Қазақ сөзжасамындағы заттану: семантикалық-коммуникативтік аспект»** тақырыбында философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация жұмысын қорғауға жіберуге болады. Диссертация жұмысын мақсатына жеткен, міндеттері бойынша тұжырым жасалған, толық аяқталған жұмыс деп бағалаймыз.

Филология ғылымдарының докторы,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің профессоры А.Б.Салқынбай

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы

ЗАВЕРЯЮ

Начальник управления подготовки и аттестации научных кадров КазНУ им. аль-Фараби

«11» 02 2026 ж./г.